

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Өзара іс-қимылдың тәсілі мен қағидаттары

ҚМГ мүдделі тараптармен ашықтыққа және өзара тиімді ынтымақтастыққа ұмтылады. Негізгі қағидаттары:

- **ашықтық** — халықаралық стандарттарға сәйкес сенімді ақпарат ұсыну;

- **диалог** — конструктивті қарым-қатынастарды дамыту және мүдделі тараптар не күтетінін ескеру;
- **тұрақты даму** — экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілерін бизнес-процестермен біріктіру.

Мүдделі тараптардың тобы	Қағидаттары	Өзара іс-қимыл тәсілдері	Іс-шаралар
Акционерлер	Ашықтық, адал диалог	<ul style="list-style-type: none"> • Кері байланыс арналары (электрондық пошта, телефон нөмірі) • Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы • Тікелей кездесулер және консультациялар 	<ul style="list-style-type: none"> • Корпоративтік сайтта жылдық есепті жариялау • KASE базасында Эмитент күнін өткізу
Инвестициялық қоғамдастық	Ашықтық және реттеуші талаптарды сақтау	<ul style="list-style-type: none"> • Сайт арқылы қаржылық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету • Жартыжылдық және тоқсандық презентациялар • Роуд-шоу және конференц-қоңыраулар өткізу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Баспасөз-хабарламаларын жариялау • Кездесулер мен ақпараттық сессиялар ұйымдастыру.
Толық ақпарат «Инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде берілген			
Үкімет және жергілікті мемлекеттік органдар	Мемлекеттік міндеттерді тиімді орындау, серіктестік	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыс топтарына қатысу • Тапсырмаларды орындау • Тікелей хат алмасу 	<ul style="list-style-type: none"> • Әлеуметтік және экологиялық бастамаларды іске асыру туралы есепті ұсыну
Қауымдастықтар, жергілікті қоғамдастықтар, қоғамдық ұйымдар	Белсенді қатысу, әлеуметтік жобаларды қолдау	<ul style="list-style-type: none"> • Қоғамдық кеңестер мен жұмыс топтарына қатысу • БАҚ және корпоративтік сайт арқылы ақпарат жариялау 	<ul style="list-style-type: none"> • Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларын іске асыру • Тұрақты даму туралы есептерді жариялау
Бұқаралық ақпарат құралдары	Ашықтық, сенімділік	<ul style="list-style-type: none"> • Баспасөз хабарламалары • Баспасөз конференцияларын, брифингтер өткізу; • Әлеуметтік желілерде ақпаратты дер кезінде жариялау 	<ul style="list-style-type: none"> • Баспасөз турлары мен ақпараттық сессияларды ұйымдастыру • БАҚ сауалдарына жауап беру
ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдары	Тікелей және нақты коммуникациялар	<ul style="list-style-type: none"> • Басшылықтың қатысуымен өтетін жиындар • Өңірлерге іс-сапарлар • Тікелей хат алмасу 	<ul style="list-style-type: none"> • Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету • Тапсырмалар беру • Ақпараттық хаттар
Клиенттер, жеткізушілер, серіктестер, басқа ұйымдар	Әділ және нарықтық талаптар негізіндегі келісімдер	<ul style="list-style-type: none"> • Келісімдер жасасу 	<ul style="list-style-type: none"> • Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету • Баспасөз хабарламаларын тарату
Кәсіподақтар, қызметкерлер	Тең мүмкіндіктер ұсыну, қызметкерлердің дамуын қолдау	<ul style="list-style-type: none"> • Қызметкерлер жұмысының тиімділігін бағалау • Қанағаттану және қатысу туралы зерттеулер. 	<ul style="list-style-type: none"> • Ішкі сауалнамалар, жиналыстар өткізу; • Еңбек өнімділігін басқару жүйесін енгізу

Адам құқықтарын сақтау

ҚМГ экономикалық қана емес, әлеуметтік мәселелерге де ерекше көңіл бөле отырып, өз бизнесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Компания Адам құқықтары жөніндегі халықаралық билде, еңбек саласындағы халықаралық еңбек ұйымының стандарттарында бекітілген, дүниежүзінде мойындалған адам құқықтарын ұстанады және БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі басты қағидаттарын іске асыруға ұмтылады.

ҚМГ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын қатаң орындайды және оған сәйкес еңбек құқықтарын іске асыру кезінде адамның шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-сеніміне, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене бітіміндегі кемшіліктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге мүше болуына қатысты ешкімді қандай да бір кемсітуге болмайтын нормаларды бұзбайды.

Компания балалар еңбегін пайдаланбайды, ешкімді еңбек етуге мәжбүрлемейді, нәсіліне, дініне және жынысына қарамастан барлық қызметкерлердің тең құқықтарын мойындайды.

Есепті кезеңде кемсітушілік фактілері тіркелмеген.

2025 жылғы сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесі Адам құқықтары саласындағы жаңартылған саясатты бекітті.

- [Саясат туралы толық ақпарат ҚМГ веб-сайтындағы «Корпоративтік құжаттар» бөлімінде берілген.](#)

Адам құқықтары саласында Компания мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- халықаралық нормаларға сәйкес адам құқықтарын құрметтеу;
- ҚМГ мен еншілес ұйымдардың жоғары басшылығының келісімін алып, саладағы адам құқықтарына әсер ететін мәселелерді шешу үшін бағдарламаларды іске асыру;
- адам құқықтарына әсерді бақылау және ол туралы хабарлау;
- ҚМГ қабылдаған шағымдар мен талаптарды қарау механизмдерін сақтау;
- теріс әсерді жою немесе азайту үшін өтемақы және құқықтық қорғау құралдарын ұсыну;
- тиісті есепті дайындай отырып, адам құқықтарына ықпалды бақылау арқылы адам құқықтарына қатысты тиісті байқампаздық таныту;
- жағымсыз әсерді жою үшін өз қызметкерлеріне құқық қорғау құралдарын ұсыну;
- ҚМГ-ның адам құқықтарына қатысты персоналдан және үшінші тараптардан не күтетінін ашып айту.

- [Адам құқықтарының сақталуы туралы толық ақпарат Тұрақты даму туралы есебінде ұсынылады.](#)